

## Қамқоршылық кеңесінің хаттамасы

№29 ОМ КММ

03.04.2018ж.

Ақтөбе қаласы

Қатыскандар: 11

### Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

Мектеп ғимаратында өрт қаупі туындаған кезде жедел шығу жолдарын ұйымдастыру.  
Эвакуация.

Хабарламашы: ДӘШЖО Есетова М.А.

### Тындалды:

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Жанұзақов Қ.К** өрттің – тілсіз жау екенін айта келіп, мектепте балалар оқитын болғандықтан, әр ғимараттарда төтенше жағдай болып қалған уақытта эвакуация жасалу керек. Біз бүгін осы тақырыпта қандай шаралар жасалатындығы туралы өзіміздің отырысымызда талқылау үшін жиналды деп қамқоршылық кеңес мүшелерін отырыс тақырыбымен таныстырды.

**Сөз кезегін мектеп директоры С.Салиш** алды. Біз әр жағдайды қарастырып отырмыз. Былтыр оқу жылы да эвакуация шаралары Төтенше жағдай басқармасының қызметкерінің қатысуымен жасалды. Оқушыларға, қызметкерлерге де өрт қауіпсіздігіне байланысты оқу, жаттығу шаралары әлі де түсіндіріліп, жүргізілетінін айтты.

**Кенжебаева Ж.А** : Оқушыларға өрт тақырыбына байланысты іс-шаралар өткізілгені дұрыс болар.

**Директордың ТІЖО Кайбалдиева Б.Т:** Класс жетекшілер оқушыларға қауіпсіздік ережелері туралы дәрістер оқиды. Оның ішінде өрт қауіпсіздігі де бар. Биылғы оқу жылы 22.11.2017ж. Төтенше жағдай басқармасының қызметкері оқушыларға келіп, арнайы дәріс те оқиды. Класс жетекшілер қосымша тағы да оқушылардың жадында қалуы үшін өрт қауіпсіздік ережелерімен таныстырды және класс сағаттарын өткізді. Осы тақырыпқа байланысты іс-шаралар ұйымдастырылады.

**С.Салиш:** Мектеп ғимаратында өрт қаупі туындаған кезде жедел шығу жолдарын ұйымдастыру. Эвакуация жөнінде мектептің шаруашылық жөніндегі қызметкері Есетова М.М. хабарлама жасайды.

**Есетова М.М:** Өртенген заттың иісі немесе түтіннің пайда болуы – басталған өрттің алғашқы белгісі. Өрт болған кезде қалай іс-қимыл жасау керектігін барлық адамдар білулері керек. Өрт шыққан кезде және сол кезде өзіңізді-өзің ұстап, тез арада жағдайды байқау және дұрыс шешім қабылдау үрейді болдырмау керек.

Төтенше жағдайларда адам денсаулығын қорғау мақсатында оқушылар мен қызметкерлерге арналған мектепте жаттығу шаралары жүргізілді. Мектептің әр қабатындағы оқу кабинеттері бойынша жедел сыртқа шығу үшін жоспар жасалған. Әр оқу кабинетінде отырған оқушы төтенше жағдай болып қалған жағдайда өзінің сыртқа шығу жолымен таныстырылған, өздеріне тиісті жермен шұғыл сыртқа шығуы керек және

қажетті құжаттарды өздерімен бірге ала шығады. Төтенше жағдай кезінде оқу кабинеттерінің есігін жабамын деп уақыт алмауы керек. Есік ашық тұрады. Жаттығу жасалар алдында қысқа үш қоңырау соғу арқылы белгі беріліп, жедел сыртқа шығу жаттығулары жүргізіледі.

Қамқоршылық кеңес мүшелері бірлесе отырып шешім қабылдады. Мектептің 1-11-кластарында жедел шығу жұмыстары бойынша оқу, жаттығу жұмыстарын жылына 2 рет ұйымдастырылады. 1.Қыркүйек айында. 2.Наурыз айында. Ата-ана жиналысында өрт қауіпсіздігіне байланысты дәрістер оқып, ата-аналарды да таныстырған дұрыс.

#### **Қабылданған қаулы:**

Мектепте оқу, жаттығу жұмыстары жылына 2 рет, қыркүйек, наурыз айларында ұйымдастырылсын.

1. Ата-ана жиналысында өрт қауіпсіздігіне байланысты дәрістер оқылып, ата-аналар таныстырылсын.

**Кеңес төрағасы    Жанұзақов Қ.К.**

**Кеңес хатшысы    Жанадилова Д. И.**